**"Дәрілік заттар туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 3 қарашадағы N 326-ө Өкімі. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің 2004.12.30. N 383 өкімімен.

1. "Дәрілік заттар туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 13 қаңтардағы Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет қоса беріліп отырған нормативтік құқықтық кесімдердің тізбесі (бұдан әрі - Тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі:

1) тізбеге сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулыларының жобаларын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізсін;

2) екі ай мерзімде "Дәрілік заттар туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қажетті ведомстволық нормативтік құқықтық кесімдерді қабылдасын және қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

*Премьер-Министр*

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2004 жылғы 3 қарашадағы
N 326 өкімімен
бекітілген

**"Дәрілік заттар туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық кесімдердің тізбесі**

| Р/с N | Нормативтік құқықтық кесімнің атауы | Кесімнің нысаны | Орындау мерзімі |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | Фармацевтикалық қызмет түрлерін лицензиялау ережесін және | Қазақстан Республикасы | 2004 жылғы желтоқсан |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы | Үкіметінің қаулысы | |
| 2 | Дәріханалардың, дәріхана қоймала. рының санаты мен құрылымын айқындау тәртібін бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | 2004 жылғы желтоқсан |
| 3 | Фармацевтикалық қызмет түрлерін лицензиялау кезінде дәрілік заттар айналымы саласындағы субъектілердің біліктілік деңгейіне сәйкестігін тәуелсіз сараптамалық бағалау жүргізу үшін жеке және заңды тұлғаларды аккредиттеу тәртібін бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | 2004 жылғы желтоқсан |
| 4 | Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтардың жекелеген санаттарын дәрілік заттармен тегін және (немесе) жеңілдікпен қамтамасыз ету тәртібі туралы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | 2004 жылғы желтоқсан |
| 5 | Фармацевтикалық қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғаларды даярлау, қайта даярлау, олардың біліктілігін арттыру және мерзімдік аттестаттау тәртібі туралы | Денсаулық сақтау сала. сындағы уәкі. летті органы. ның бұйрығы (бұдан әрі - уәкілетті органның бұйрығы) | 2004 жылғы желтоқсан |
| 6 | Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленетін тегін медициналық көмектің кепілді көлемі шеңберінде тегін дәрілік көмек көрсетуге арналған негізгі (өмірлік маңызы бар) дәрілік заттардың тізімін бекіту туралы | Уәкілетті органның бұйрығы | 2004 жылғы желтоқсан |

7 Дәрілік заттардың нормаларын, Уәкілетті 2004 жылғы
дәрілік заттардың жіктемесін, органның желтоқсан
Қазақстан Республикасының бұйрығы
Мемлекеттік фармакопеясын
бекіту туралы
8 Халыққа шұғыл медициналық көмек Уәкілетті 2004 жылғы
көрсету үшін алғашқы көмек органның желтоқсан
көрсету дәрі қобдишасының құрамын бұйрығы
белгілеу және бекіту туралы
9 Биологиялық белсенді заттардың Уәкілетті 2004 жылғы
клиникаға дейінгі сынауларын және органның желтоқсан
(немесе) зерттеулерін жүргізу бұйрығы
жөніндегі нұсқаулық
10 Фармакологиялық және дәрілік Уәкілетті 2004 жылғы
заттардың клиникалық зерттеулерін органның желтоқсан
және (немесе) сынауларын жүргізу бұйрығы
жөніндегі нұсқаулық
11 Фармацевтикалық қызметті Дәрілік заттар 2004 жылғы
мемлекеттік қадағалауды және айналымы сала. желтоқсан
дәрілік заттардың қауіпсіздігін, сындағы мемле.
тиімділігі мен сапасын бақылауды кеттік орган.
жүзеге асыру, фармацевтикалық ның бұйрығы
зерттеу актісін және (бұдан әрі -
фармацевтикалық қызметте мемлекеттік
әкімшілік құқық бұзушылық туралы органның
хаттаманы жасау жөніндегі бұйрығы)
нұсқаулық
12 Фармакопеялық құжаттарды және Мемлекеттік 2004 жылғы
дәрілік заттардың сапасы мен органның желтоқсан
қауіпсіздігін анықтайтын басқа да бұйрығы
нормативтік-техникалық құжаттарды
жасау және бекіту жөніндегі
нұсқаулықты бекіту туралы
13 Халықаралық фармакопеялардың Мемлекеттік 2004 жылғы
жекелеген стандарттарын, органның желтоқсан
сондай-ақ шет мемлекеттердің бұйрығы
фармакопеялық құжаттарын және

| | | | |
|---|---|---|---|
| | дәрілік заттарға арналған басқа да нормативтік-техникалық құжаттарды тану туралы | | |
| 14 | Дәрілік заттар өндірісінің технологиялық регламеттерін келісу, оларды есепке алуды және жүйелеуді жүргізу жөніндегі нұсқаулық | Мемлекеттік органның бұйрығы | 2004 жылғы желтоқсан |
| 15 | Бірегей дәрілік заттардың атауын бекіту жөніндегі нұсқаулық | Мемлекеттік органның бұйрығы | 2004 жылғы желтоқсан |
| 16 | Дәрілік заттарды әкелуді және әкетуді келісу жөніндегі нұсқаулық | Мемлекеттік органның бұйрығы | 2004 жылғы желтоқсан |
| 17 | Медициналық және фармацевтикалық ұйымдарда дәрілік заттардың жанама әсерлерінің мониторингін жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы | Мемлекеттік органның бұйрығы | 2004 жылғы желтоқсан |
| 18 | Дәрілік заттарды дайындау ережесін бекіту туралы | Мемлекеттік органның бұйрығы | 2004 жылғы желтоқсан |

---

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК